

Қарабау ауыл округі, Сынтас елді мекенінің аумағына карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі N 182 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 сәуірде N 14-6-133 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 19 қыркүйектегі N 465 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011.09.19 N 465 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2-тармағы 9-тармақшасына сәйкес және Қазығұрт ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2011 жылғы 3 наурыздағы N 2-8/88 санды ұсынысын қарап, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарабау ауыл округі, Сынтас ауылы тұрғынының жеке қосалқы шаруашылығында құтыру ауруының ошағы анықталуына байланысты Қарабау ауыл округі, Сынтас елді мекенінің аумағына карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясына (Д.Абдрасилов - келісімі бойынша) шектеу іс-шаралары енгізілген аумақта ветеринарлық-санитарлық талаптардың орындалуын қатаң бақылауға алу ұсынылсын.

3. Қазығұрт аудандық ветеринария бөліміне (О.Көкеев) Қарабау ауыл округінің әкімімен (А.Ташқұлов) бірлесіп:

1) шектеу қойылған аумақта қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау, жою және залалсыздандыру жұмыстарын ұйымдастырсын;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды өткізсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Момыновқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.С.Алиев

КЕЛІСІЛДІ:

Қазығұрт аудандық аумақтық

инспекциясының бастығы

Д.А.Абдрасилов

11 сәуір 2011 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК